ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 қыркүйек №4360-23-00-2/2123 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Акмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Акмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Акмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкерін шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Акмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 30.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Бержанов К. М., 10.11.2023
4360-23-3-1/2336

пайдасына тұрақсыздық айыбы 4512 (төрт мың бес жүз он екі) теңге және сот шығыны төленген мемлекеттік баж алымы 135 (бір жүз отыз бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер «АКМА&КО» атауымен әрекет етуші Ералы Акмаржан Мұратбекқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Талап қоюшы «Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен артық төленген 53(елу үш) теңге мемлекеттік баж алымы кері қайтарылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **К.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 30.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2023, судья Бержанов К. М., 10.11.2023